

Алматы қаласы, Әуезов ауданы
Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясы
«Өркендеу жобасы»
Билер мектебі

Қалыптасу кезеңіндегі (бозбалалық,
бойжеткендік) негізгі проблемалар және
оның шешу жолдары

Тарих пәні мұғалімі: Жаныкулов К.О.

05.05.2021 жыл

Қайырлы күн құрметті оқушылар!
Сәлеметсіздер ме, ата-аналар, ұстаздар!
Бүгінгі тәрбие сағатына қош келдіңіздер!
Өткелі жатқан тәрбие сағаты мекебіміздегі
«Өркендеу жобасы» аясындағы «Билер
мектебі» бағыты бойынша өткізіледі. Бүгінгі
тақырып: Қалыптасу кезеңіндегі (бозбалалық,
бойжеткендік) негізгі проблемалар және
оның шешу жолдары

«Баланың тағдырын берілген тәрбие шешеді»

М.Жұмабаев

Мақсаты:

Жасөспірімдер арасындағы өтпелі кезең кезіндегі қиындықтарды болдырмаудың алдын алу;

Оқушылаға адами құндылықтар туралы айта отырып, дүние-танымдық көзқарасы туралы жағымды көзқарас қалыптастыру және оларға өзін-өзі жетілдіріп, өзін-өзі дамыту және бағалай білу туралы түсінік беру.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар! Тақырыпқа кіріспес бұрын «Өтпелі кезең» туралы қысқаша ақпарат бере кетсем!

Адам баласы дүниеге келіп, ақыл есі толыса бастаған шақта өтпелі кезенді (переходной возраст) бастан кешіретіні бар. Ол жастан бәріміз де өттік. Дегенмен кейбір жасөспірімдер өтпелі жастан ойдағыдай өтсе, енді біреулері қиналады. Бұл жаста бұған дейін жақсы тәртібімен көзге түсіп жүрген оқушы бұзықтық жасап, дөрек мінез көрсетсе, кейде, тіпті, ашуланшақ болып кетеді. Психологтар ата-ана өтпелі жастың 3 кезеңнен тұратындығын және әр кезеңде бала түрліше қажеттіліктерді талап ететіндігін білуі тиіс дейді.

Өтпелі кезеңнің 3 кезеңі

```
graph TD; A[Өтпелі кезеңнің 3 кезеңі] --> B[I-кезең 10-11 жас аралығы]; A --> C[II-кезең 12-13 жас аралығы]; A --> D[III-кезең 15 жаспен тұспа-тұс келеді:];
```

I-кезең 10-11 жас аралығы

– бұл кезеңде бала өзін тұлға ретінде қабылдап, айтқандарына құлақ асқанын қалайды. Барлық жұмыстарын өзі ғана шешкісі келеді.

II-кезең 12-13 жас аралығы

– бұл кезеңде бала отбасында ғана емес, әлеуметтік ортада да өз орнын иеленгісі келеді. Жасауға міндетті істермен қатар құқықтарын білуге тырысады.

III-кезең 15 жаспен тұспа-тұс келеді:

– жасөспірім бұл кезеңде өзін қалыптастырып, өмірін жаңа арнаға бұруға тырысады.

№1 тапсырма

Осы арада оқушылардың пікірін білгім келіп отыр! Оқушылар қазір «Кеше, бүгін, ертең» әдісі бойынша әрқайсымыз өз ойларымызбен бөліссек!

оқушы пікірі

Мұғалім: Оқушылар өтпелі кезеңдегі жасөспірімдердің мінездеріндегі мәселелер мыналар: Осыларды ішінде қайсылары өзіңізде кездеседі.



**№2 тапсырма: Видео
оқушы пікірі**

№3 тапсырма: телефонға тәуелділіктің арқасында өзіңізден өзгерген қандай қасиетіңізді байқадаңыз?

Мұғалім: Яғни өтпелі кезеңдегі жасөспірімдердің мінездерінің өзгеруі, дауыс көтеру, өзімшіл болуы, бұйрықты тапсырмаларды көтере алмауы, оқшаулануы деген секілді заңдылық дейді мамандар!

Жасөспірімдердің мінез – құлықтарына кері әсер етуші факторлар:

Отбасындағы
келіспеушілік,

Шамадан тыс еркелету,

Ата – ана тарапынан
бақылауда болмау,

Қоршаған ортаның теріс
ықпалы

Әлеметтік желі телефон

Өздеріңіз жоғарыда айтқан жағымсыз
мінездеріңізді қандай жағдайда өзгертер едіңіз?

№4 тапсырма: «Мен мінезімді өзгертер едім....
Егер маған ата-анам көмектессе...

Берілген сөйлемді өз нұсқасымен
жалғастырады

Мұғалім:Ендеше өтпелі кезеңдегі проблемалардың шешу жолдарын қысқаша айтып кетсем!

Саясаттанушы Айдос Сарым Мысырдағы қалыптасқан дәстүрді біліп қайтқан екен: бала 13-14 жас кезінде яғни өтпелі кезеңде бала мінез танытып, ата-атасымен жанжалдасып жатады. Сондай кезде аға-әпкелерінің үйіне 2-3 жылға баланы жібереді екен! Туғаны болсада бөтен үй амалсыздан тартынып өзін басып жүреді екен. Баланың у шуы, мінезі қатты сезілмейді. Бала есейгенде қайтып әкеледі. Бұл үрдіс ағайынның арасында жақын қылады.

Ақын Біржан Баутуов: Өзбктерде кішкентайынан баланы еңбекке баулиды екен бала еңбектеніп әкесіне көмектесеп жүреді. Баланы жұмсап үйренбесек ертен ол Оксфордты бітіріп келседе тірлігі түзелмейді дейді

Ербол Дайрашов: Ұлттық ойын ләңгі-ұмытылмас мәңгі қазақтың ұлтық ойынын құмары қанғанша ойнату керек дейді. Уақытын компьютер, телефонмен емес ұлттық ойындар мен ойнап денесін шынықтырып, уақытын соған жұмсайды. өтпелі кезеңнен осылай өтеді.

Психолог мамандар: Ата-ана балаға көңіл аудару, онымен сырласу қажет, ересек адам ретінде тілдесу,қызбала анасымен, ұлбала әкесі арқылы қоғаммен, ортамен өзара әрекеттесу бағытын анықтайды, мұғалімдер тарапынан да сыпайы сөйлеуі жақсы жағынан әсерін тигізеді.

Психолог: Байкан Гулбар

Ата-аналардан өз пікірлерін білу,

**Билер мектебінің мүшелерінен өз
ойларын сұрау,**

Мұғалім: Бала қай жаста болмасын, тұлға болып қалыптасуына тәрбиенің маңызы өте жоғары. Ата-ана, мұғалім, ортасы дұрыс жағынан өз ықпалын тигізуі қажет! Билер мектебіне тән туындайтын проблемалардың шығу жолын айқындадық деп ойлаймын!

Достар табу

Жанына жақын
ересек адам іздейді

Жасөспірімдер болмысы

Өзіндік шешім
қабылдауға тырысу

Туыстарының басқаруынан,
мұғалімдерінің қарамағынан
тыс шығуға талпынысы

Олардың эмоциялық өмірлері өте тұрақсыз болып келеді, көңіл-күйлері тез өзгереді

Өзімшілдік әрекеттері айқын байқалады

Олардың эмоциялық сезімдері

Кейде алаңсыз күліп, көңілденіп отырса, артынан тұнжырап, көңілсіз бола қалады

Кейде шатақ шығарып, айқайға басып жүріп, әпсәтте моп-момақан күйге түседі

*Назарларыңызға
рахмет!*